

Гани Мұратбаевтың мемориалдық музейіне - 50 жыл



«Бүгінгі күн – ертенгі тарих». Казалы қалалық мәдениет үйіндегі Гани Мұратбаевтың мемориалдық музейінің 50 жылдық мерейтойына арналған шарадан осындай ой түйгенбіз. Аталмыш шара қарт Қаратау мен айдынды Арал арасындағы қолөнер шеберлерінің қолөнерімен танысудан басталды. Айта кетерлігі, қазақтың қолөнерін қастерлеген қолөнерге қызығушылық танытқандардың қарасы мол болуы ұлттық өнеріміздің бәсі қашанда жоғары екендігін аңғартты. Біздің назарымызды Казалы аграрлы-техникалық колледжінің «Электронды есептеуіш машинасының операторы» тобының ІІ курс студенті Мұрат Жаксымұраттың (жетекшісі – информатика пәнінің оқытушысы Аяжан Ильясова) жасаған «AGROBOT» көп функциялы роботтандырылған құрылғы (дән себуге, арамшоптерді тазалауға, астықты жинауға арналған) магнитше озіне тартты.

- Галымдар егістік жагдайы туралы әртүрлі ақпараттарды алу және жинақтау мүмкіндігінің туындауы ақырында оларды жедел ондей алатын технологиялардың көптеп шығарылуына алып келеді деген пікірлер білдіруде. Бүгінгі біздің жасап келген мақалымыздың аты – «AGROBOT». Агроботтар өзіне орнатылған камера арқылы піскен астықты айқындап, оларды жинап алуға қабілетті. Агробот астықтың арасынан арамшөптерді де ажырата алады. Олар LED дисплейдің көмегімен егістіктің электронды картасына қарап та жұмыс істей алады. Агроботымыз күннен қуат алады, - деген Мұраттың жұмысына сәттілік тіледік.

Колонер шеберлерінің көмесінде облыс орталығы, өзге аудандармен қатар Қазалы ауданынан «Жас прожект» жобасы бойынша жөнімпаз атанып, жұмысын бастаған «Мархаббат» колонер шеберлерінің орталығының бұйымдары қойылды. Көмеге келген көпшілікке ағаштан ойылып жасалынған қобыз, домбыра, бесік, санамақ секілді мүсіндер мен ұлттық нақышта тігілген киіз үй жабдықтарын, күрак қорпе, жастық, тосеніштер қойылды.

- Колонер жұмыстарын көпшілікке насихаттау, дәріптеу көптен бергі арманым болатын. «Қазак» деген сөздің өзінен тіліміз бен діліміз, салтымыз бен өнеріміз, әсіресе колонер шеберлігі есіп тұруға тиісті. Қазалыда ағаш ұсталығы, зергерлікпен айналысатын шеберлердің қатарын неге ұлғайтпасқа? Бүгінгі шарада осы арманым жүзеге асқандай болды. Ел ағалары тарапынан қолдау тапты. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар жалғасатындығына сенімім зор, - дейді колонерші Мархаббат Асанова.

Қазактың колонерін әлемге танытсақ деген қарындасымыздың алғаусыз пейілі біздің де қонілімізді тебірентті.

Мұнан сон «Рухани жанғыру бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы музейлердің ролі» тақырыбындағы республикалық ғылыми-танымдық конференция өзінің тартымдылығымен ерекшеленді. Шарада аудан әкімінің орынбасары Әлімжан Жарылқағанов күттықтау сөз сөйлеп, конференцияның сәтті өтуіне тілектестігін жеткізді.

Алғашқы болып сөз алған Гани Мұратбаевтың мемориалдық музейінің директоры Роза Асанова «музей ғылым мен білімнің, өркениет пен тарихтың алтын ордасы, өткеніміз бен болашағымызды байланыстыратын алтын көпір, Гани Мұратбаевтың мемориалдық музейі ғимараты облыстық дәрежедегі тарихи-мәдени өскерткіштер қатарында» дей келе,

музейді баскарган басшылар мен енбегі сінген жандардын есімін атап отті.

Елбасынын «Болашаққа бағдар: рухани жанғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында батыс өңірдегі музейлермен байланыс жасалғаны да көпшілікке мәлім. Музей осы жылы Қазақстан Республикалық Тұлғалық музейлер қауымдастығы республикалық қоғамдық бірлестігіне мүше болып қабылданды. Астана қаласындағы Ұлттық музейде өткен алғашқы құрылтайына қатысты. Ганидың туган күніне орай дәстүрге айналған футбол жарысы мен «Мәңгілік шырқар жырымсын» атты ақындар мүшәйрасы үздіксіз өткізіліп келеді. Музей қоры тын экспонаттармен толықтырылып, келушілерге сапалы қызмет көрсетуде.

Тарих ғылымдарынын докторы, Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Археология, этнология және музееология» кафедрасынын профессоры Тәттігүл Картаева, тарих ғылымдарынын phd докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығынын жетекшісі Өзілхан Тәжекеев, Ақтобе облысы, Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің экскурсоводы Гүлсара Сейілова, мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық музейінің аға ғылыми қызметкері Жазира Шілдебаева, Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Сайлау Асхат, Еуразиялық дизайнерлер одағынын мүшесі, Қызылорда қаласындағы Салахаддин Айтбаев атындағы қоркөрсурет галереясынын өнертанушысы Түрсынбек Омаров және басқалар жұртшылыққа күнды деректерге негізделген хабарлама жасап, ойларын ортаға салды.

Шара «Ганидың қара шанырағы» атты мерекелік бағдарламаға ұласты. Мерейтойға келген қонақтар, музей ұжымынын озаттары марапатталды. Гани Мұратбаевтың ескерткішіне тағзым жасалып, музей ішімен танысты. Музейдің мәжіліс залында ұйымдастырылған «Музей – рухани тәрбие орталығы» атты дөнгелек үстел тартымды өтті. Екі жақты жасалған меморандумға сәйкес, Шалқар ауданынан келген делегация Ақтан батыр ауылындағы батыр кесенесіне тағзым өтіп, ауылдағы №190 мектеп жанындағы «Тарихи-өлкетану» қоғамдық негіздегі музейінде болды.

**Жүмабек □ Табынбаев,**

**Казалы □ ауданы**

